



М.Мәметова атындағы №27 мектеп-лицейі

Мектеп формасы туралы Ереже

Мектеп-лицей оқушыларының бірыңғай киім үлгісінің ережесі Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 2016 жылы 14 қаңтардағы №26 бұйрығына сәйкес «Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар» негізінде жасалған.



Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар:

Міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасы классикалық стильде, бірыңғай қою көк түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.



Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар:

Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (кроссовка, кеды) тұрады. Оқушылардың спорттық формасы тек арнайы сабақтарына киіледі.

Мектеп формасына түрлі конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Орта білім беру ұйымында кез келген діни конфессияға қатынасын білдіретін діни киімдерді (хиджаб, никаб, бурка, паранжа, сикх тюрбандары және иудей кипабас киімдері және т.б.) және кез келген діни атрибутикаларды (белгілерді) киюге тыйым салынған.



Ұл баланың мектеп формасы:

- қою көк түсті костюм;
- қысқы мезгілде трикотаж жилет;
- шалбардың ұзындығы тобықты жауып тұруы;
- ақ түсті жейде;
- қою көк түсті галстук;
- қара туфли;
- қарапайым ер балдарға арналған мектеп оқушысының шаш үлгісі: боялмаған (жандары 1,5 см-ден артық емес, төбе жағы 3,5 см-ден артық емес).





Қыз баланың мектеп формасы:

- ақ блузка;
- қою көк юбка (ұзындығы тізенің үстінен 2 см-ден аспауы керек);
- бірыңғай үлгідегі жилет (әр сынып бойынша ұзын немесе қысқа);
- бір түсті шұлық (ақ, қара, аяқ түстес);
- шаштары табиғи түстес, яғни боялмаған, ақ бантик тағулы болуы;
- тырнақтары қиылған, маникюр және макияж болмауы керек.





Ата-аналардың құқығы

- 1. Мектеп формасына қатысты сұрақтарды сыныпта, мектепте ата-аналар комитетінде талқылауға, мектеп формасына қатысты ұсыныстарын жалпы мектептік ата-аналар жиналысының күн тәртібінде қарауға ұсыну;
- 2. Мектеп формасын киіп келуден бас тартатын балалардың ата-анасын ата-аналар комитетіне шақыру, өз құзыреті шеңберінде осындай ата-аналарға шара қолдану.



Ата-аналардың міндеттері

- 1. Оқу жылы басталғанға дейін балаға мектеп формасын, ауыстыратын аяқ киімін алып беру.
- 2. Ереже талаптарына сәйкес мектепке шығар алдында білім алушының күнделікті сыртқы бейнесін бақылап тұру.
- 3. Баланың мектеп формасының жағдайын қадағалау, яғни ластануына байланысты уақытылы тазартып беру. Бала мектеп формасы жуылып немесе жуылғаннан кейін киім кепкен жоқ деген жағдаймен мектеп формасының болмауын түсіндіру жағдайларын болдырмау.



Ата-ананың жауапкершілігі

Жалпы мектептік ата-аналар комитетінің құзыреті шеңберінде белгіленген. Осы Ережені орындамағаны немесе лайықсыз орындағаны үшін жалпы мектептік ата-аналар комитетінің құзыреті шеңберінде белгіленген, әкімшілік жауапкершілікке тартылады.